

● ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Облыс әкімі Марат Сұлтангазиев Беларусь Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Алексей Богданов, Беларусь елінің Алматы қаласындағы Бас консулы Денис Мелешкин бастаған делегациямен кездесу өткізді. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы, басқарма басшылары, кәсіпкерлер мен агроөнеркәсіп кешен жетекшілері қатысты. Онда Беларусь Республикасының Витебск облысы мен Алматы облысы арасындағы аймақаралық байланысты арттыру жайы сөз болып, шаруашылық, су тазарту және қалықтарды қайта өңдеу салалары бойынша тәжірибе алмасу мәселелері талқыланды.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС —

Өткен жылдың қараша айында Беларусь Республикасының Премьер-Министрі Александр Турчиннің Қазақстанға ресми сапары барысында аймақ басшысы Марат Елеусізұлы Витебск облыстық атқару комитетінің төрағасы Александр Субботинмен кездескен. Оның қорытындысы бойынша аталған екі облыс арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық,

мәдени және гуманитарлық салалар бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. 2026-2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленген. Оның іске асырылуы өңір-аралық байланысты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік бермек.

— Екі ел арасындағы қатынас өзара сенім мен құрметке негізделген. Отыз жылдан аса уақыт бойы байланыс айтарлықтай нығайды. Сексеннен астам халықаралық келісімшарт жасалған.

Алматы облысы — өнеркәсіп, агро-өнеркәсіп және логистика салаларында әлеуеті жоғары, қарқынды дамып келе жатқан өңір. Біз машина жасау, агроөнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша және инвестициялық жобаларды іске асыруда бірлесіп жұмыс істеуге мүдделіміз. Алматы облысының экономикалық көрсеткіші жылдан-жылға ілгерілеп келеді. Өткен жылы жалпы ішкі өнім көлемі бойынша республикада 10-нан 5-орынға көтерілді. Әлемнің 100-ден астам елімен сауда-саттық байланысын орнатқан.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен инновациялық Алатау қаласы құрылмақ. Біз құрылыс және құрылыс материалдарын өндіру саласы бойынша Беларусь инвесторларын осы жобаға қатысуға шақырамыз. Облыстағы 9 индустриялық аймақ және «Алатау» арнайы экономикалық

аймағында компанияларға салық жеңілдігі ұсынылады, — деген Марат Елеусізұлы мәдени-гуманитарлық шараларға да тоқталды. Айтуынша, облыста 1200-ге жуық Беларусь этносының өкілі тұрады. Талғар ауданында «Беларусь мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Олар өткен жылы Масленица мерекесін өткізген. Ұйым басшылығы мен этнос өкілдері облыстық және аудандық іс-шараларға белсенді қатысады.

Өз кезегінде Алексей Богданов екіжақты байланысты нығайтудың маңызы зор екенін атап өтті. Делегация өкілдері ауыл шарушылығы, агроинженерия саласындағы тәжірибелерімен бөлісті.

«Зубр Агро» ЖШС директоры Дмитрий Фирсов Қазақстан мен Беларусь арасындағы бірлескен жобаға тоқталды. «Компаниямыздың мақсаты — Беларусь технологиялары мен өнімдерін Қазақстан нарығында ілгерілету. Біз фермерлерге арналған жабдықтар, мал өсіру, топырақты өңдеу, астық сақтау және ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп саласындағы мәселелерге кешенді шешім ұсынамыз.

Екі тарап Елшілігінің бастамасымен кәсіптік оқыту бағдарламасы ұйымдастырылды. Студенттер екі жыл Қазақстанда, кейін екі жыл Беларусь елінде білім алады. Олар тек теориялық біліммен шектелмей, Беларусь технологиясымен танысып, шаруашылықтағы ғылыми шешімдерді тәжірибе жүзінде қолдануды үйренеді. Нақты қай мамандықтар оқытылатыны қыркүйек айында белгілі болады. Зоотехника, ветеринария, топырақты өңдеу бағыттары енгізілуі мүмкін. Сонымен қатар қысқа мерзімді оқу мүмкіндігі де бар. Бұл біліктілікті арттыру курсына ұқсайды. Яғни білімі мен тәжірибесі бар мамандар 10-15 жұмыс күні аралығында арнайы технологиялардың қыр-сырын меңгереді. Жобаға әр елден 60 студент қатысады деп жоспарлап отырмыз. Әлі де талқылану үстінде. Бағдарлама наурыз-сәуір айларында нақты бекітіледі», — деді ол.

Кездесу соңында екі тарап өзара ынтымақтастықты нығайтып, нәтижелі әрі табысты байланыс орнатуға уағдаласты.



Рамазан — рухани тазару айы

Қасиетті Рамазан айының келуі — бұл мұсылман қауымы үшін үлкен қуаныш әрі рухани жаңару кезеңі. Бұл ай — адам баласын сабырға, тақуалыққа, мейірімділік пен кешірімге тәрбиелейтін ерекше уақыт. Рамазан — тек ораза ұстайтын кезең ғана емес, сонымен бірге, жүректі тазартатын, ниетті дұрыстайтын, қоғамдағы бауырмалдық пен жанашырлықты арттыратын берекелі ай.

Рамазан айында мұсылман баласы тек ішін-жеуден ғана тыйылып қоймай, жаман сөзден, орынсыз әрекеттен, жүрекке кірбің түсіретін істерден де сақтануға тырысады. Рамазан — қайырымдылық жасауға, жетім-жесірге қамқор болуға, мұқтаж жандарға қол ұшын созуға үндейтін қасиетті ай. Осындай игі амалдар қоғамдағы мейірім мен жанашырлықты арттырады.

Қазақстан — түрлі ұлт пен дін өкілдері бейбіт өмір сүріп жатқан мемлекет. Осындай тұрақтылық пен бірлікті сақтау — баршаамыздың ортақ міндетіміз. Рухани құндылықтарды сақтау арқылы ғана біз болашақ ұрпаққа мықты, тәрбиелі, саналы қоғам қалдыра аламыз.

Бұл ай — адамның өз-өзіне есеп беретін, өткеніне тәубе етіп, болашағына жаңа мақсат қоятын кезең. Бұл айда жасалған әрбір игі амал адамның рухани дәрежесін көтеріп қана қоймай, қоғамның да ізгіленуіне де оң әсер етеді. Қазіргі қоғамда рухани тәрбие, отбасылық құндылықтар, адал еңбек, әділ қарым-қатынас — басты қажеттіліктердің бірі. Рамазан айы осы құндылықтарды күшейтуге үлкен мүмкіндік береді. Әсіресе жастар тәрбиесінде Рамазан айының орны ерекше. Себебі бұл ай адамды тәртіпке, жауапкершілікке, сабырлыққа үйретеді.

Құрметті ағайын!
Баршаңызды қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын! Алла Тағала ұстаған оразаларыңызды, жасаған дұға-тілектеріңізді, қайырымдылық амалдарыңызды қабыл етсін! Бұл ай әр шаңыраққа береке, әр отбасына тыныштық, әр жүрекке иман нұрын сыйласын. Жүректерімізге мейірім ұялап, қоғамымызда өзара құрмет пен жанашырлық арта берсін!

Қасиетті Рамазан айы құтты болсын!

Мадияр қажы ТАҒАЙБАЙҰЛЫ,
Алматы облысының бас имамы

БҮГІНГІ САНДА:



Аймақты жан-жақты дамыту-басым бағытымыз

3-бет ➡



Мұқағали — мәңгілік ғұмыр

4-бет ➡

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Азық-түлікпен қамтыды

Қасиетті Рамазан айы қарсаңында «UMUT» қоғамдық қоры Еуропалық «HASENE» қайырымдылық қорымен бірлесіп, қайырымдылық акциясын өткізді. Шара аясында Алматы қаласы мен облысы, сондай-ақ Шымкент, Түркістан, Тараз, Меркі қалаларындағы 500 мұқтаж отбасына азық-түлік себеттері таратылды.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ —

Қордың президенті Сұлтан Исмайыловтың айтуынша, бұл ұйым 2018 жылы Қазақстандық түрік-мешхет азаматтарының қаражаты есебінен құрылған. Өзі Каскелең қаласында тұратындықтан, аталған акция шеңберінде қаскелеңдіктерге 140 азық-түлік себеті бөлінді. Сонымен қатар Еңбекшіқазақ ауданының тұрғындарына 80 азық-түлік себеті табысталды. Бұдан бөлек, Есік, Талғар, Ұзынағаш, Маловодное, Көктөбе және басқа да елдімекендерде тұратын азаматтар да азық-түлік көмегіне ие болды. Сондай-ақ бұл шараны ұйымдастыруға Қаскелең және Есік қалаларының әкімдіктері үлкен қолдау көрсеткенін атап өту керек.

— Біздің қордың тұрақты демеушілері жоқ. Барлық жұмысты өз қаражатымыздың есебінен, сондай-ақ еріктілер мен жанашыр азаматтардың көмегі арқылы жүзеге асырамыз, — деді Сұлтан Теймур-оғлы.

Халық достығын нығайтуда және қайырымдылық қызметті дамытуда да «UMUT» қорының қосып жатқан үлесі мол. Ізгілікті істі қор құрылтайшылары алдағы уақытта да жалғастыра бермек.

Қарасай ауданы

● ЖАЙДАРМАН ЖАҒАЛЫҚ

Жаңа техника табысталды

Орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында орманышларға жалпы саны 19 бірлік жаңа техника мен заманауи дрондар тапсырылды.

● Ерзат АСЫЛ —

Қонаев қаласында өткен шараға облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы қатысып, орман шаруашылығы жұмыстарының маңыздылығын атап өтіп, оларға жергілікті билік тарапынан көрсетілетін қолдаулар жалғасатынын жеткізді.

— Облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жаңа техникаларды табыстау шарасы — орман шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту жолындағы маңызды қадам. Соңғы бес жыл ішінде облысымызда орын алған орман өрттерінің жалпы аумағы 14 пайызға төмендеді. Бұл — алдын алу шараларының күшеюі, техникалық жаңғырту және жедел әрекет ету тетіктерінің тиімді ұйымдастырылуының нәтижесі. Бүгінде орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық қамтылу деңгейі 86 пайызды құрайды. Жаңа техникалардың қосылуымен бұл көрсеткіш 90 пайыздан асып, саланың әлеуеті одан әрі нығаюда. Шағын өрт сөндіру кешендері өрт ошақтарына жедел жетіп, бастапқы кезеңде тіліз жауды ауыздықтауға мүмкіндік береді.



Суретті түсірген — Дина ДӘУІТБЕКОВА

Ал тракторлар минералды жолақтар жүргізу, өрттің таралуына тосқауыл қою жұмыстарында тиімді қолданылады, — деді Бақытнұр Бақытұлы.

Шара барысында орман өрттерін ерте анықтау жүйесінің жұмысы көрсетілді. Бұл жүйе қазіргі уақытта Бақанас, Қарадала және Шелек орман шаруашылықтарында іске қосылған. «Бүгінде цифрландыру мен жасанды интеллекттің енгізу бойынша қарқынды жұмыс жүргізіліп келеді. Соңғы жылдары бізде үлкен орман өрті болған жоқ. Қазір біз енгізіп отырған ерте анықтау жүйесі — тұпан мен түтінді ажырата алады. Сонымен қоса облыста 20 шақырымға дейін радиуста жұмыс істейтін 18 камера орнатылған. Бүгінгі таңда заманауи технолгияларды орман

өртінің алдын алуға белесене қолданып отырмыз», — дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қанат Нүсіпбаев.

Сала мамандарының айтуынша, заманауи дрондар орман алқаптарын бақылауды жеңілдетіп, өрт қаупін болдырмауға және заңсыз ағаш кесушілерді дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Айта кетер болсақ, орман шаруашылығы қызметкерлеріне табысталған АТМ тракторлары мен «JAS» маркалы шағын өрт сөндіру кешендері облыстық «Өнеркәсіпті дамыту» қоры ұсынған лизингтік бағдарлама шеңберінде сатып алынған.

Қонаев қаласы



● ІС ПЕН НӘТИЖЕ



Суретті түсірген — Астана ҚАЖЕКЕ

Алматы облысы өткен жылы әлеуметтік-экономикалық даму бойынша орнықты өсім көрсетті. Инвестиция тарту қарқыны күшейіп, өнеркәсіп өндірісінің көлемі артты. Өңірдің негізгі көрсеткіштері мен алдағы басым бағыттары туралы облыс әкімі Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ сұхбат барысында жан-жақты әңгімелеп берді.

— Марат Елеусізұлы, Алматы облысының бөлінгеніне бірнеше жыл болып қалды. Қазір өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері қандай?

— Алматы облысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмасына сәйкес, кейінгі төрт жылда тұрақты экономикалық өсім деңгейін көрсетіп, дамудың даңғыл жолына шықты. Осы кезеңде өңірлік бюджетке түсетін салықтық түсімдер шамамен екі есе артты, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны үш есеге жуық қысқарды. Бұл жұмыспен қамтудың кеңейгенін, халық табысының өскенін, кәсіпкерлік белсенділіктің күшейгенін көрсетеді.

Айталық, 2021 жылы облыс жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көлемі жөнінен республикада 10-орынды иеленіп, оның көлемі 3,4 трлн теңгені құраса, 2024 жылы 5-орынға көтеріліп, ЖӨӨ көлемі 6,0 трлн теңгеге жетті. Бұл — 1,7 еседен астам өсім. Сонымен қатар өңір экономикасының өсуіндегі негізгі факторлардың бірі инвестицияларды белсенді тарту болды. 2022–2025 жылдар аралығында облысқа шамамен 3,7 трлн теңге инвестиция тартылды. Инвестиция көлемі 2,2 есе өсіп, 614 млрд теңгеден 1 355 млрд теңгеге жетті.

Инвестиция көлемінің ұлғаюы облыс бюджетіне де оң әсерін тигізіп, салықтық түсімдер көлемі жөнінен дотациялық өңірлер арасында көшбасшылар қатарына шығуға мүмкіндік берді. Мәселен, 2021 жылы облыс бюджетіне (Жетісу өңірін есепке алмағанда) 317 млрд теңге түссе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 628,6 млрд теңгеге жетіп, екі есе артты. Осылайша, Алматы облысы дотациялық 17 өңірдің арасында республикалық бюджетке ең аз тәуелді өңірге айналды, яғни бұл тәуелділік 32%-дан 13%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар облыс ішінде донорлық аудандардың саны екіден беске дейін артты. Қарасай, Іле аудандарымен қатар, донор мәртебесін Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары, сондай-ақ Қонаев қаласы иеленді. Осы қарқын сақталған жағдайда, 2029 жылға қарай Алматы облысы республикалық бюджетке толық донор өңір мәртебесіне ие болады деген үміт бар.

— Инвестиция тартудың тиімділігін басты бағыттардың бірі ретінде көрсеттіңіз. Осы орайда ерекше атап өтетін ірі жобаларға тоқталсаңыз.

— Осы жылдар ішінде көптеген инвестициялық жоба жүзеге асты. Оның нәтижесінде 18,6 мың жаңа жұмыс орны құрылды. Олардың қатарында құны 135 млрд теңге болатын «Жетісу Вольфрам» зауыты, «KT&G» темекі өнімдерін өндіру зауыты (80,2 млрд теңге), «ТехноНИКОЛЬ—Орталық Азия» энергия үнемдейтін жылу окшаулау материалдары зауыты (43,8 млрд теңге), «Fruit Art» сублимациялық зауыты, жеміс сақтау қоймалары, жылыжай кешені (42,8 млрд теңге), «Прима Құс» құс шаруашылығы кешенінің 1-кезені (33,6 млрд теңге), «Focus Logistics» логистикалық парктені (70 млрд теңге), «MP Solution» А класты логистикалық кешені (17 млрд теңге), «Еуразиялық

логистикалық парк» (22 млрд теңге), сондай-ақ «Kucuk Holding» (LC Waikiki) көтерме-тарату орталығын (30 млрд теңге) атап өтуге болады.

Әрбір инвестордың ұсыныстары мен мәселелерін жүйелі түрде шешеміз. Олармен біріге отырып, екі жаққа тиімді шешімдер қабылдаймыз. Мәселен, «Focus Logistics» логистикалық парктен жобасы бойынша инвестор алдағы жылдар есебінен аванспен салықтық төлемдерді жергілікті бюджетке төлеп, сол қаражат сомасын «Бизнестің жол картасы» арқылы жоба инфрақұрылымына жұмсады.

Өңірге жетекші халықаралық компаниялар тарапынан да айрықша қызығушылық байқалып отыр. Қазір жобалау сатысында бірқатар ірі бастама бар. Оның ішінде «Mars» компаниясының жануарларға арналған жем өндіру зауыты, Қытайдың «Beijing Xinfadi» компаниясының Алматы қаласы әуежайы маңында экологиялық өнімдер портын салу жобасы, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінің «Talgar Eco City» заманауи қаласын салу жобасы бар. Бұдан бөлек, өзге де өнеркәсіптік, логистикалық нысандар пысықталып жатыр.

Инвесторлардың қызығушылығын ескере отырып, олардың қызметіне қолайлы жағдай жасау негізгі басымдықтардың бірі болып қала береді. Осы бағыттағы ең тиімді құралдардың бірі—өңір экономикасының өсу нүктелері саналатын индустриялық аймақтарды дамыту. Әлбетте, индустриялық аймақтардың инфрақұрылымын салу қомақты қаражатты қажет етеді, облыстық бюджетке ауыртпалық түсіреді. Осы себептен мұндай аймақтарды дамытуда мемлекет-жекешелік әріптестік тетігін кеңінен қолданып отырымыз, бұл өз кезегінде бюджетке бір мезеттегі жүктемені азайтады. Сонымен қатар кейбір индустриялық аймақтардың аумағы жекешенік жер иелерімен келіссөздер жүргізу арқылы мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мысалы, осындай жобалардың бірі — «Қайрат» индустриялық аймағын алатын болсақ, оның инфрақұрылымына мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы 10,8 млрд теңге қаражат жұмсалды. Индустриялық аймақ аумағындағы жеке инвестиция көлемі 125 млрд теңгеге жетіп отыр. Нәтижесінде, бюджеттен жұмсалған әрбір 1 теңгеге 10 теңге көлемінде жеке инвестиция тартылды.

Осы тәжірибеге сүйене отырып, қазірде аумағы 5,6 мың гектар болатын 15 индустриялық аймақ құру жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл жалпы өңірлік өнімнің ұлғаюына, болашақта бюджетке түсетін салықтық түсімдердің өсуіне үлкен мүмкіндік береді.

Инвестицияның 56,3%-ы өнеркәсіпке, көлік пен қоймалау саласына бағытталған, бұл экономиканың негізгі салаларының дамуын ынталандырады. Соның нәтижесінде кейінгі үш жылда қоймалардың жалпы алаңы 17,5 есеге өсіп, 8,8 мың шаршы метрден 153,9 мың шаршы метрге жетті. Бұл — Орталық Азиядағы көлемі жағынан ең ірі қойма алаңдары.

Қазірде облыста 1 866 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді, өндірістің шамамен 90%-ы өңдеу секторына тиесілі. Бұл көрсеткіш бойынша облыс

Астана, Шымкент қалаларынан кейін 3-орында тұр.

Өнеркәсіп пен инвестициялық белсенділіктің артуы сыртқы сауда көрсеткіштеріне де оң әсерін тигізді. Кейінгі үш жылда экспорт көлемі шамамен 1,5 есеге өсіп, экспорт өнімдері алыс-жақын шетелдердің 59 еліне жеткізіледі. Экспорт құрылымының негізін азық-түлік өнімдері, сусындар, темекі өнімдері, картон қаптамалары, фармацевтикалық өнімдер, өзге де тауарлар құрайды.

— Облыс орталығы мәртебесіне не Қонаев қаласының дамуы туралы да айтып берсеңіз.

— Қонаев қаласына келсек, бұрын, облыс орталығы болмай тұрғанда 60 мыңға жуық тұрғыны бар, шағын қала болатын. Оның үстіне қаланың инфрақұрылымының одан әрі дамуына жолдар мен электр желілері, су құбырлары, үйлердің қасбеттері ескіріп, көшелер мен парктен абаттандыруды қажет етті. Тозу деңгейі 90%-дан асатын кәріз желілері мен сорғы стансаларын қайта жаңғырту мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы жұмыс басталды. Сондықтан әкімшілік ғимараттар мен әлеуметтік, мәдени нысандарды қолға алмас бұрын, қаланың инфрақұрылымына ерекше назар аудардық. Бұл өзгерістер бірден байқала бермеуі мүмкін, алайда дәл осы шаралар қаланың одан әрі дамуына берік негіз қалайды. Қала бюджеті де қарқынды өсіп келе жатыр, егер 2022 жылғы бюджет 9,2 млрд теңгені құраса, бүгінде 3 есе артып, 30,5 млрд теңгеге жетіп отыр.

Қапшағай су қоймасы Қонаев қаласының басты рекреациялық орталығы болғандықтан, қалалық жағажайлардың барлығы қолға алынып, жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Былтыр «Freedom Holding» компаниясының қолдауымен 4,5 млрд теңгеге №5 жағажай абаттандырылып, демалыс жайлы әрі қауіпсіз жағдайға келтірілді.

Құны 11 млрд теңге болатын, 4000 орынды мінбесі бар халықаралық «ASP-Arena» спорт аренасы, сондай-ақ Орталық Азиядағы ең ірі 20 мың шаршы метрлік мұз айдыны пайдалануға берілді. Бұл нысандар қаланың спорттық туризмдегі тартымдылығын арттырады. Нәтижесінде, өткен жазғы маусымда шамамен 1,8 млн адам демалып, олардың саны 2024 жылмен салыстырғанда 20%-ға артты.

Былтыр шетелдік туристер Алматы облысының әртүрлі табиғи нысандары мен көрікті жерлеріне жоғары қызығушылық танытты. Ең үлкен сұранысқа «Көлсай көлдері», «Іле-Алатау», «Шарын» ұлттық парктені іе. Ұлттық парктенге келушілер саны 33,6%-ға артып, шамамен 1,8 млн адамды құрады (2024 жылы — 1,3 млн адам).

— Дамудың күретауырына қан жүгіртіп отырған ауыл шаруашылығы саласында қандай жобалар жүзеге асып жатыр? Мал басын көбейтіп, оның еті мен сүтін, жүнін өндіретін кәсіпорындарды іске қосу барысы қалай?

— Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі бойынша облыс республикада 5-орынды иеленіп, үлесі 8,1%-ды немесе 798,4 млрд теңгені құрап отыр. Бұл ретте мемлекеттік

субсидияларды пайдалану тиімділігі жөнінен облыс республикада бірінші орында тұр, яғни 1 теңге субсидияға 17 теңге көлемінде өнім өндіріледі. Ірі қара мал мен ұсақ мал басының саны 33,9%-ға артты, бұл ет пен сүт өндірісінің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Облыс ет өндіру, құс саны жағынан көшбасшы орында, көй мен ешкі санынан 3-орында, жұмыртқа мен сүт өндіруде 4-орында, ірі қара мал саны бойынша 5-орында тұр.

Суару инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Суармалы жерлердің аумағын кеңейту, су үнемдеу технологияларын енгізуге қатысты жүйелі жұмыс жүргізіле бастады. Облыстағы суару желілерінің тозу деңгейі 70–80%-ға жетіп, су шығынының 60%-ға дейін артуына алып келді. Осы мәселені шешу мақсатында 2022 жылдан бастап өңірде суару желілерін қайта жаңғырту жөніндегі шаралар іске асырылып жатыр. Негізгі жобалардың бірі — Балқаш, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр аудандарындағы суару желілерін қайта жаңғырту, сондай-ақ Райымбек

инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Бұл жобалар нәтижесінде 37 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр, оның ішінде 536 млрд теңгені құрайтын 17 жоба белсенді іске қосылды. Өткен жылы қалада 60,4 млрд теңгенің құрылысы жүзеге асты. Осы кезеңде жалпы аумағы 151,1 мың шаршы метр болатын тұрғын үйлер пайдалануға берілді.

Облыстағы басым бағыттардың бірі — өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсімін қамтамасыз етуге бағытталған Алматы агломерациясын дамыту. Бүгінде агломерация халқының жалпы саны 3,4 млн адамнан асады. Негізгі өзекті мәселелер қатарында халықтың маятниктік көші-қоны жол-көлік желісінің шамадан тыс жүктелуі, қала маңындағы инженерлік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, әлеуметтік нысандарға түсетін жоғары жүктеме бар. Аталған мәселелерді жүйелі шешу үшін нормативтік-құқықтық база қалыптастырылды. Атап айтқанда, «Агломерацияларды дамыту туралы» Заң, өңіраралық схемалар, 2024–2028 жылдарға арналған Алматы

ауданындағы арнаны күрделі жөндеу. Бұл мемлекеттік кепілдік алу рәсімінен кейін Ислам даму банкінің қаражаты есебінен жүргізіледі. Нәтижесінде, 35 мың гектар жерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жоспарланып отыр.

Суару желілерін дамытумен қатар, су үнемдеу технологияларын енгізу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Су үнемдеу технологиялары қолданылатын алқап көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 3,3 есеге артып, 2025 жылы 66,6 мың гектарды құрады. Бұл облыстағы жалпы суармалы егістік жердің 30%-ын қамтиды. 2030 жылға дейін су үнемдеу технологияларын қолдану көлемін 138,7 мың гектарға дейін жеткізу көзделген.

Сонымен қатар 2022 жылдан бастап облыста пайдаланылмай жатқан 1 405,1 мың гектар ауыл шаруашылығы жері анықталды, оның 37%-ы мемлекеттік меншікке қайтарылды. Бұл жұмыс ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру, жергілікті фермерлерді қолдау мақсатында жалғасын табады.

Ауыл тұрғындарын қолдау, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру құралдарының бірі ретінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы іске асырылып жатыр. Бағдарлама аясында бүгінге дейін жеке қосалқы шаруашылықтарды, кооперативтерді, отбасылық бизнесті дамытуға жалпы сомасы 11,7 млрд теңгеге 1 662 микрокредит берілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде ауыл халқының орташа табысы 2022 жылғы 196 мың теңгеден 2024 жылы 311 мың теңгеге дейін өсіп, 1,6 еселік өсімге қол жеткізілді. 2026–2029 жылдарға жоспарланған 708,7 млрд теңгелік 26 жоба өңірдің аграрлық әлеуетін толық ашуға, ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыруға негіз болады.

— Өңірде тұрғын үй құрылысының қарқыны қандай?

— Тұрғын үй құрылысының қарқыны да әлеуметтік инфрақұрылыммен үндестіріле жоспарланған. Былтыр облыста 1 млн 69,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, жоспар 111,3%-ға орындалды. Үш жыл аралығында 5 144 кезекте тұрған азамат баспанамен қамтамасыз етілді. Быыл 1 млн 75 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу көзделіп отыр. Оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 1 018 пәтерлі 20 несиелік тұрғын үй салу жоспарланған.

— Жаңадан қалыптасып келе жатқан Алатау қаласы мен Алматы агломерациясын дамыту мақсатында қандай іс-шаралар қамтыланып жатыр?

— Бүгінде қаланың 2050 жылға дейінгі бас жоспары бекітілді. Қала аумағында 6,8 мың га жерді қамтитын 12 өсім нүктесі анықталды. Бұл жерлерде қажетті инфрақұрылым мен қаржылық ресурстарға ие инвесторлар жұмысын бастап кетті. Осы «өсім нүктелерінде» тамақ өнеркәсібі, логистика, білім, туризм салаларында бірқатар ірі жобалар жүзеге асырыла бастады. Атап айтсақ, «PepsiCo», «Молочная долина», «Арказ Инвест», «Истоктранс», «G-Trans», «Маревен Фул», «Гриффин Логопарк» секілді ірі компаниялармен бірлескен жобалар қолға алынды.

Қазір Алатау қаласында жалпы құны 1,5 трлн теңгеден асатын 32

агломерациясын дамытудың кешенді жоспары қабылданды. Кешенді жоспар республикалық, жергілікті бюджеттер, сондай-ақ жеке инвестициялар есебінен жалпы сомасы 3,4 трлн теңгеге 130 іс-шараны іске асыруды көздейді.

Агломерацияны жедел дамыту мақсатында бюджет заңнамасына көлденең қаржыландыру тетігі енгізілді. Бұл тетік қала маңындағы аумақтардағы өзекті мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Аталған механизм алғаш рет Алматы облысында іске асырылды.

— Биылғы «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында жүзеге асатын жұмыс жоспарларыңыз қандай? Алыс-жақын ауылдар интернетпен толық қамтылған ба?

— Алматы облысында цифрлық теңсіздікті азайту, интернет инфрақұрылымын кеңейту кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Бүгінде өңірдегі 373 елдімекеннің 355-і, яғни 95,2%-ы кең жолақты интернетпен қамтылған. Оның ішінде 352 елдімекенде мобильді интернет қолжетімді. Бұл — ауыл мен қала арасындағы ақпаратқа қол жеткізу айырмасын қысқартуға бағытталған жүйелі саясаттың нәтижесі.

Өткен жылы интернетпен қамтылмаған 11 ауылға алғаш рет кең жолақты байланыс жеткізілді. Төрт елдімекенде 4G стандарты енгізілсе, жеті ауылда спутниктік интернет орнатылды. Бұл тәсіл географиялық тұрғыдан күрделі, талшықты-оптикалық желі тарту экономикалық тұрғыдан тиімсіз елдімекендер үшін балама шешім ретінде қолданылып отыр. Нәтижесінде, шалғай ауыл тұрғындары да мемлекеттік қызметтерді онлайн алу, қашықтан оқу, кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар байланыс сапасын арттыру мақсатында «KaP-Тел» компаниясы облыс аумағындағы барлық 3G базалық стансаларын жоғары жылдамдықты 4G стандартына көшіру жұмысын аяқтады. Бұл мобильді интернеттің тұрақтылығы мен өткізу қабілетін айтарлықтай арттырды. Ұлттық жоба шеңберінде көлік инфрақұрылымы да назардан тыс қалған жоқ. Республикалық және бірінші кезектегі облыстық маңызы бар автожолдарды мобильді байланыс, интернетпен қамту жоспарланған.

— Өңір елдімекендерінің газбен қамтылуы қай деңгейде?

— Облыста 169 елдімекен газдан-дырылған, табиғи газға қолжетімділік 1,24 млн адамға қамтамасыз етілген, бұл — өңір халқының жалпы санының 81%-ы. Былтыр «Қазыбек бек» АГРС-і іске қосылып, Жамбыл ауданының 7 елдімекенін газбен қамтуға мүмкіндік берді, 16 мың адамға газ жеткізілді. Сонымен бірге Балқаш ауданын газдандыру іске асып жатыр. Аудан аумағында 28 елдімекен орналасқан, олардың ішінде Өңірлік газдандыру схемасына сәйкес 2030 жылға дейін 11 елдімекен газдандырылуға жатады. Сонымен қатар алдағы уақытта ұзындығы 237,9 км болатын «Шелек — Кеген — Нарынқол» газ құбырын салу жоспарда бар. Аталған жоба Алматы облысының газбен толық қамтылуына мүмкіндік береді.

— Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен — Ұлбосын ИСАБЕК

